



## 1. ТҮСІНІК ХАТ

5B012500 Химия мамандығына арналған оқу (химиялық-технологиялық) практиканың болашақ педагогтарды даярлауда маңызы өте зор. Тәжірибенің мақсаттары мен міндеттері студенттердің теориялық білімдерінің өзектілік және тәжірибелік дағдыларының дамуының потенциалдық деңгейімен қамтамасыз етіледі.

## 2. ОҚУ (ХИМИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ) ПРАКТИКАНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

**Мақсаты:** кәсіби педагогикалық қызметін ұйымдастырудың ғылыми негіздерімен танысу, тұтас педагогикалық үрдіс туралы мүддені дамыту.

**Міндеттері:**

- Жоғары оқу орны қызметінің негізгі бағыттарымен танысу;
- Мамандықпен және оның білім беру бағдарламаларымен танысу;
- Болашақ мамандықтың объектісі болып табылатын ұйымның ұйымдық-құқықтық нысанымен, құрылымымен, басқару жүйесімен және т.б. жалпы танысу;
- Болашақ кәсіптік қызметінің түрлерін, функцияларын және міндеттерін зерттеу;
- Іскерлік хат алмасуды зерттеу және іс қағаздарын жүргізу;
- Еңбек ұжымында қызметті жасау дағдыларын игеру болып табылады.

**Практика нәтижесінде студент келесі біліктіліктерге ие болу керек:**

- оқу-тәжірибелік талаптарына сай мазмұнын анықтау;
- практика өткізілетін орында студенттер ең алдымен қауіпсіздік техникасымен танысып, арнайы журналға қол қоюмен бекітеді;
- оқушының жеке басының психологиялық ерекшелігін және сынып ұжымын талдап бағалау;
- өзінің іс әрекетін бағалау және оларды педагогикалық практикамен, басқа мұғалімдер тәжірибесімен сәйкестіру.

### 3. 1-КУРСТЫҢ ПРАКТИКАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

#### Практиканы өтудің тақырыптық жоспары

№	Жұмыс түрі	Өту мерзімі
1	Қауіпсіздік техниканың ережесі бойынша кеңес	1 күн
2	Оқу зертханаларымен таныстыру, жеке тапсырмаларды орындау	2-8 күн
3	Есеп құжаттарын дайындау	9-10 күн

#### Практиканың өткізілу кезеңдері

№	Кезең	Мазмұны
1	Даярлық	1) Ұйымдастыру конференциясы. Студенттерді оқу (танысу) практикаға жіберу туралы ректордың бұйрығымен таныстыру. Студент – практикант жұмысының мазмұны мен міндеті. Әдістемелік құралдар көрмесі.
		2) Студенттердің практика кезіне жеке жұмыс жоспарын құруы.
2	Негізгі	1) ЖОО-ның құрылымымен, кафедрамен және педагогикалық ұжымымен танысу
		2) Әр оқу зертханалардың қауіпсіздік техниканың ережесі бойынша кеңес (№206, 207, 210, 212, 212А, 213, 215
		3) Оқу зертханаларымен, химиялық реактивтермен, ыдыстармен, құрал-жабдықтармен таныстыру, жеке тапсырмаларды орындау
		4) Іскерлікті хат алмасуды зерттеу және іс қағаздарын жүргізу
		5) Химиялық экологиялық зерттеулер зертханасына экскурсия
3	Қорытынды	1) Есеп беру құжаттарын дайындау – есеп беру құжаттарын редакциялау (әдістемелік нұсқауларға сәйкес), есеп құжаттарын тексеруге тапсыру.
		2) Қорытынды конференцияда студенттер мен оқытушылардың алдында сөйлеу.

#### **4. ОҚУ (ХИМИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ) ПРАКТИКАНЫҢ МАЗМҰНЫ**

1. Оқу практикасы таныстырылған География және химия кафедрасының ұйымдастыруымен 1 апта көлемде ұйымдастырылады.
2. Оқу практикасының арасында ұйымдасқан жиналыс пен қауіпсіздік техникамен таныстыру жүргізіледі.
3. Оқу практикасында (таныстырылған) студенттер арнайы бағыттағы тапсырмалар орындайды.
4. Практика өткізілетін орында студенттер ең алдымен қауіпсіздік техникасымен танысып, арнайы журналға қол қоюмен бекітеді.
5. Практиканттардың жұмысы практика жетекшісімен өткізілуі қажет.
6. Практиканттың міндеті: жеке көзқарас, жұмыс барысымен танысу, құрал-жабдықтармен танысу, химиялық реактивтердің сақталуын жән жеке тапсырмаларды орындай біуі қажет.

#### **5. СТУДЕНТТІҢ ЕСЕП ҚҰЖАТТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ**

Студент практиканттардың есеп құжаттарына келесі құжаттардың тізімі кіреді:

- Студент - практиканттың жеке жұмыс дәптері
- Қауыпсіздік техника ережелері
- Жеке тапсырмаларды орындау есебі
- Оқу зертханасы паспорты
- Практика бойынша есеп
- Оқу (химиялық-технологиялық) практика күнделігі.

##### **Практика жетекшісінің міндеті:**

1. Тәжірибе жетекшісі тәжірибенің ұйымдастыруын, жоспарлауын және нәтижесін қамтамасыз етеді, тәжірибе өтудің кестесін құрастырады.
2. Бекіту және қорытынды конференциялардың жұмысына қатысады..
3. Студенттердің тәжірибе бойынша құжаттарын бақылау.
4. Оқу практикасы бойынша жалпы есеп береді.

##### **Студент құқылы:**

1. Қауыпсыздық ережелерін сақтау, еңбек қорғау және практика өтудің шарттарының орындалуын сұрау.
2. Жоғарымамандырылған әдістемелік көмек, тәжірибе мәселерінен кеңес алу.
3. Иноовациялық технологияларын пайдалану.
4. Мекеме басшылығы және кафедра меңгерушінің келісімімен эксперименталдық жұмыс жасау.

5. Құрал жабдықтар және тәжірибеге тиіс құжаттармен қодануға рұқсат алу.

6. Тәжірибе ұйымдастыруда өзінің пікірін ұсыну.

#### **Студенттің міндеті:**

1. Студент-практикант осы бағдарламада берілген жұмыстардың барлық түрлерін орындауға тиіс.

2. Практикант тәжірибе базасының ішкі жөн-жосықтың ережелеріне бағынуы тиіс. Ереже орындалмау қалған жағдайда, тәжірибе өтуге тиім салынады.

3. Практикаға жіберілмеген немесе тәжірибе нәтижесі қанағаттандырылмаған студент практиканы сабақтан тыс уақытында қайтадан өтеді.

4. Тәжірибе кезінде студенттердің арасынан староста тағайындалады. Старостаның міндеті, студенттердің тәжірибеге қатысуы, олардың практика жетекшісінің тапсырмаларын орындауды қадағалау.

5. Практика соңында студент практика жетекшісіне есеп береді, практика базасының бастығының қолы қойылған күнделік тапсырады.

## **6. ПРАКТИКА ҚОРЫТЫНДЫЛАУ ТӘРТІБІ**

Практиканы өткеннен кейін студент-практикант практиканың қорытындысы бойынша жазбаша есеп жазады. Есепте жұмыстың орындау мәліметтері, практика базасының сипаттаамысы және нәтижелері болу керек. Есеп жеке ресімделу керек.

Оқу практиканы өткеннен кейін студенттер география және химия кафедрасына есеп ұсынады. Практиканың бағдарламасын себеп бойына орындамаған студент, практикаға қайта жіберіледі, оқудан тыс уақытта.

Студенттер практика уақыты кезінде күнделік жүргізеді, оған өздерінің бақылауларын жазады, және өзіне қажетті тапсырмаларды.

Практикадан университетке келген уақытта студент кафедраға толығымен ресімделген практика есебін тапсыруға міндетті. Есеп баағдарламаға сай және практика жетекшісінің қолымен бекітілген болу керек.

Практиканы өткеннен кейін студент кафедраға есеп тапсырады. Практика бойынша есептің негізгі қағидалары:

- практика процесінде студенттің іскерлік белсенділігі;
- студенттің өндірістік пәндері;
- есепті тапсыру кезінде студенттің ауызша жауабы;
- жеке тапсырмаларды орындау саны;
- практикадан орындалған есептің саны.

Оқу технологиялық практиканың нәтижесі технологиялық практика бойынша өтетін қорытынды конференцияда шешіледі.

## **Әдебиеттер**

**Негізгі:**

- 1) А.Қ.Башова Химия оқу құралы. Алматы, 2011.
- 2) Ғ.Е.Жүсіпова, Ж..Ә. Әбілов. Химия оқу құралы. Алматы ҚУ 2010.
- 3) Утелбаева А., Утелбаев Б. Жалпы және бейорганикалық химия. Алматы, 2006.
- 4) Химия. Учебник для 8 класса/ Нурахметов Н., Сарманова К., Жексенбина Г.- Алматы: Мектеп, 2004

**Қосымша:**

- 5) Бірімжанов Б.А. Жалпы химия.- Алматы, 2001.
- 6) Шоқыбаев Ж.Ә., Өнербаева З.О., Г.С. Камиева., Ж.Р. Кожагулова. Бейорганикалық химия практикумы. Алматы, 2003.
- 7) Қ.Ж.Акимбекова. Жалпы химидан есептер жинағы оқу-әдістемелік құрал. С.Торайғыров ат. ПМУ-2002.